Алматы қаласы Спорт басқармасының «№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Алматы қ. **30 маусым 2026 жыл**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Алматы қаласы Спорт басқармасының «№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Мектеп) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін Мектеп басшысының 2026 жылғы 04 маусымдағы №14-нқ бұйрығы негізінде келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі – әдіскер Б.Д. Аязбаев;

Жұмыс тобының мүшелері:

- әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі басшының орынбасары Н. Айтжанов;
- бас бухгалтер Т. Досеке;
- кадрлар жөніндегі инспектор М. Абуталипова;
- мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер А. Маненова, хатшы.

1. Талдамалық анықтаманың мәні: Алматы қаласы Спорт басқармасының «№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК-ның (бұдан әрі – ОРМБЖСМ №10) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.
2. Негіздеме – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Антикоррупциялық қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау және мониторинг жүргізілген объект: ОРМБЖСМ №10 қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.
4. ОРМБЖСМ №10 қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу бағыты: ұйымдық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2026 жылғы 17 сәуірден 12 мамырға дейін.

Бақыланған кезең: ОРМБЖСМ №10-ның 2025 жылғы қызметі.

1. Ақпараттық-талдамалық бөлім

Талдау Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Антикоррупциялық қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы ОРМБЖСМ №10 басшысының 2026 жылғы 2 наурыздағы №13-нқ бұйрығымен бекітілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ұйымдық-басқарушылық қызметтің келесі мәселелері бойынша жүргізілді:

1. ұйымдық-басқарушылық қызмет;
2. персоналды басқару.
3. мүдделер қақтығысын реттеу.

Бақылау кезеңінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау мақсатында ішкі жергілікті актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде ішкі жергілікті актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

2. Мектептің 2025 жылғы ұйымдық-басқарушылық қызметіне жүргізілген ішкі талдау

Персоналды басқару

Мектепте 2025 жылға бекітілген штаттық кесте мен тарификациялық тізімге сәйкес 148,75 штат бірлігі қарастырылған. Оның ішінде:

- әкімшілік-басқарушылық персонал (ӘАП) – 34 бірлік;
- жаттықтырушы-оқытушылар – 48 бірлік;
- әдіскерлер – 8 бірлік;
- медициналық персонал – 3 бірлік;
- қызмет көрсетуші персонал – 16 бірлік.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша 1 бос штат бірлігі бар.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер болған жоқ.

2025 жылы жұмысқа 43 адам қабылданды, ал 34 қызметкер өз бастамасы бойынша атқарып отырған лауазымынан босатылды.

Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

Қызметкерлердің жұмыстан босатылуының басым бөлігі басқа жұмысқа ауысуына байланысты еңбек шартын қызметкердің бастамасымен бұзу есебінен орын алған.

Талдау жүргізілген кезеңде қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін тексеру барысында барлық қызметкерлердің уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

ОРМБЖСМ №10 қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар саласында әкімшілік немесе қылмыстық істер қозғалмаған.

Жеке істерде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің «Ақпараттық сервис» деректер қорынан алынған соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

Бақылау кезеңінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

ОРМБЖСМ №10 кадрлар бөлімінің инспекторы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты enbek.kz порталында тұрақты түрде орналастырып отырады.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу барысында қолданыстағы заңнамада лауазымды тұлғалар үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды уақтылы және толық көлемде тапсырған. Аталған құжаттар әрбір қызметкердің жеке ісінде сақталады.

Мектеп қызметкерлерінің жеке істері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттау және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларына сәйкес қалыптастырылады, ресімделеді және сақталады.

Жеке істердің жай-күйі, құжаттардың болуы және оларды сақтау шарттары жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің талаптарына толық сәйкес келеді.

Кәсіпорынның персоналды басқару мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Антикоррупциялық қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік

ұсынымдардың 32-тармағының 3.3-тармақшасына сәйкес барлық басшы лауазымдар жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына жатқызылатындықтан, олардың функционалдық міндеттеріне талдау жүргізбестен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар қатарына енгізілуі тиіс.

Шешім қабылдау және ұйымдастырушылық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып, Мектеп басшысы мен оның орынбасарлары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарға жатады.

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Бос лауазымдарға тағайындау кезінде жақын туыстарының (ата-аналарының (ата-анасының), балаларының, асырап алушыларының (асырап алушысының), асырап алынғандардың, туған және туыстас ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің) немесе жұбайының (зайыбының) тікелей бағынысындағы лауазымдарды атқаруына байланысты үлестестік (аффилиирлену) фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету

Мектеп «Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне, мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектептеріне құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы №106 бұйрығымен бекітілген «Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектептерінің қызмет қағидаларымен» (бұдан әрі – Қағидалар) айқындалады.

Мемлекеттік қызмет «METEOR» Электрондық спорт веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Мектепке жалпы білім беретін мектептердің және басқа да оқу орындарының оқушылары таңдалған спорт түрі бойынша спорттық нормативтерге және Қағидаларда белгіленген бастапқы даярлық топтарына қабылдау жасына сәйкес келген жағдайда қабылданады.

Оқуға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау оқу жылы бойы жүргізіледі.

Талданған кезеңде:

- 2025 жылы – 2813 оқушы қабылданды.

Мектеп оқушылары келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда;
- жеке даярлық жоспарларын және спорттық даярлық режимін орындамаған жағдайда;
- спорттық нәтижелердің төмендеуі кезінде;
- ішкі тәртіп қағидаларын бұзған жағдайда;
- спортта тыйым салынған заттарды және (немесе) әдістерді қолданған жағдайда;
- денсаулық жағдайына байланысты медициналық қорытынды негізінде;
- өз еркімен.

Талданған кезеңде:

- 2025 жылы – 1555 оқушы оқудан шығарылды.

Мектеп оқушыларының оқудан шығарылуының жиі себептерінің бірі – басқа спорт ұйымдарына ауысуы болып табылады.

Мектеп спортшылары спорттық шеберліктерін одан әрі жетілдіру мақсатында спорт мектеп-интернаттарына, спорт клубтарына, ойын спорт түрлері бойынша шеберлер командаларына, Жоғары спорт шеберлігі мектебіне және Олимпиадалық резервті даярлау орталығына ауыстырылды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері болған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік органдар жүргізген тексерулер

2025 жылы Мектеп қызметіне қатысты мемлекеттік органдар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

Спортшыларды даярлау

Жарғыға сәйкес Мектеп қызметінің негізгі бағыттары:

- Алматы қаласының құрама командаларына қабылдануға кандидаттарды даярлау;
- оқу-жаттығу сабақтарын өткізу;
- оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру;
- қалалық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуды қамтамасыз ету.

Спортшыларды даярлау және олардың жарыстарға қатысуы жыл сайын бекітілетін спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбесі (бұдан әрі – Күнтізбе) негізінде жүзеге асырылады.
2025 жылға арналған Күнтізбеге сәйкес 25 оқу-жаттығу жиыны өткізілді.
2025 жылғы Күнтізбеге сәйкес Мектеп тәрбиеленушілері:

- Қазақстан Республикасының 29 чемпионатына;
- 27 республикалық жарысқа қатысты.

Халықаралық жарыстар

21 халықаралық турнирге қатысты.
Жоғарыда аталған жарыстарда Мектеп спортшылары барлығы 425 медаль жеңіп алды, оның ішінде:

- алтын – 155;
- күміс – 112;
- қола – 158.

2025 жылға арналған Күнтізбе толық көлемде орындалды.

Оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысушыларға Күнтізбеге сәйкес іссапар шығыстары уақтылы қамтамасыз етілді. Материалдық жауапты тұлғалар аванстық есептерді уақтылы тапсырды.
Есепті кезеңде спортшылар мен жаттықтырушыларды іссапарға жіберу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің белгілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алулар

Алматы қаласы Спорт басқармасының «№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК 2025 жылы жалпы сомасы 104 218 мың теңгеге 160 шарт жасасты.
2025 жылғы бекітілген мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспары негізінде 160 сатып алу жүргізілді, оның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен – 16;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 24;
- электрондық дүкен тәсілімен – 106;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 14.

2025 жылы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алынған сатып алулар бойынша шарттар:

1. 990340005917/A0NCU6/00 – 05.01.2025 ж. Мемлекеттік сатып алулар веб-порталына қол жеткізу қызметтері, «Электрондық қаржы орталығы» АҚ.
2. №2 – 07.01.2025 ж. 1С бухгалтерлік бағдарламасын сүйемелдеу қызметтері, «Vnedrenie Group» ЖШС.
3. №3 – 08.01.2025 ж. Ақша қаражатын аудару/ауыстыру бойынша банктік қызметтер, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ 139900 Алматы қалалық филиалы.
4. №14 – 20.01.2025 ж. Жылу энергиясы және ыстық су қызметтері, «Алматинские тепловые сети» ЖШС.
5. №15 – 29.01.2025 ж. Суық сумен жабдықтау және сарқынды суларды бұру қызметтері, Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» ШЖҚ МКК.
6. №19 – 16.02.2025 ж. Электр энергиясы қызметтері, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ.
7. №24 – 25.02.2025 ж. Құжат айналымын жүргізу қызметтері, Documentolog Global Limited компаниясы.

8. №47 – 14.05.2025 ж. Автокөлікті техникалық қызмет көрсету, «Hyundai Auto Almaty» ЖШС.
9. №84 – 27.07.2025 ж. Бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату/баптау қызметтері, «Азия-Сервис» ЖШС.
10. №90 – 03.09.2025 ж. Face ID камераларын орнату және қызмет көрсету, «AI Vision» ЖШС (жүйені «Метеор» бағдарламасымен синхрондау мүмкін болмауына байланысты тараптардың келісімімен бұзылған).
11. №93 – 03.09.2025 ж. Жарнамалық/ақпараттық құрылымдарды дайындау жұмыстары, ЖК Z-print.
12. №141 – 20.10.2025 ж. Жарықдиодты шамдар (50 дана), «Жарық LED» ЖШС.
13. 990340005917/250167/01 – 11.12.2025 ж. Ыстық суға арналған қысым реттегіш құрылғысы мен импульстік түтік жинағын орнату, «Garant Tranzit Plus» ЖШС.
14. 990340005917/250172 – 26.12.2025 ж. Сәулеттік жарықтандыруды монтаждау, ЖК «BT Group».

2025 жылы барлығы 160 мемлекеттік сатып алу шарты жасалды. Оның ішінде:

- 154 шарт орындалды;
- 1 шарт ішінара орындалды;
- 1 шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылды;
- 4 шарт қызметтердің көрсетілмеуіне байланысты біржақты тәртіппен бұзылды:

1. №90 03.09.2025 ж. Face ID камераларын орнату және қызмет көрсету, «AI Vision» ЖШС. Жүйені «Метеор» бағдарламасымен синхрондау мүмкін болмауына байланысты шарт тараптардың келісімімен бұзылды.
2. №67 10.06.2025 ж. ЖШС Раимова Д.Р. Жылыту радиаторы. Тауар белгіленген мерзімде жеткізілмегендіктен шарт біржақты тәртіппен бұзылды, Раимова Д.Р. ЖШС-ін мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа материалдар жолданды.
3. №116 04.10.2025 ж. ЖК Сайлауов. Светодиодты шам. Тауар белгіленген мерзімде жеткізілмегендіктен шарт біржақты тәртіппен бұзылды, ЖК Сайлауов-ты мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа материалдар жолданды.
4. №125 08.10.2025 ж. ЖК BAI-DAULET. Терезеге арналған күңгірт пленка. Тауар белгіленген мерзімде жеткізілмегендіктен шарт біржақты тәртіппен бұзылды, ЖК BAI-DAULET-ті мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа материалдар жолданды.
5. №135 10.10.2025 ж. ЖК «АБДУАЛИЕВА Г.Б.». Спорттық төсеніш. Тауар белгіленген мерзімде жеткізілмегендіктен шарт біржақты тәртіппен бұзылды, ЖК «АБДУАЛИЕВА Г.Б.»-ны мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа материалдар жолданды.

«№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК-ға 2025 жылы мемлекеттік сатып алулар мәселелері бойынша заңды тұлғалардан барлығы 7 өтініш түсті, олардың барлығы коммерциялық ұсыныстар болды. Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша өтініштер болған жоқ. Барлық өтініштер «eOtinish» ақпараттық жүйесі арқылы түскен және уақтылы қаралған.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер анықталған жоқ.

2025 жылы барлығы 5 өтініш түсті, оның ішінде:

- 1 өтініш жеке сот орындаушыларынан – борышкердің жалақысынан өндіріп алу туралы қаулыны орындауға жіберу (қызметкерден соманы ұстап қалу);
- 1 өтініш спорт секциясын тіркеу бойынша;
- 3 өзге өтініш (тауар ұсыну туралы ұсыныстар).

Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша өтініштер болған жоқ.

Барлық өтініштер «eOtinish» ақпараттық жүйесі арқылы түскен және уақтылы қаралған. Прокурорлық қадағалау актілері мен сот актілері түскен жоқ.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық қағидаларын нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу, сондай-ақ «№10 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейту ұсынылады.

Жұмыс тобының жетекшісі
Аязбаев Б.Д._____

Жұмыс тобының мүшелері:
Айтжанов Н._____
Досеке Т._____
Абуталипова М._____
Хатшы Маненова А._____

Талдамалық анықтамамен таныстым:
Басшының м.а. _____ **Д. Кешубаев**